

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 62 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 23 қазанда № 9824 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрлігінің 10.09.2018 № 770-ж (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның

ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 Қаулысының 2-тармағының 5) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 Қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі (бұдан әрі - Ереже);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің тиісті облыстағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы аумақтық органы - Экология департаменті туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрлігінің 10.09.2018 № 770-ж (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оны бұқаралық

ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті, тиісті облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдар – Экология департаменттері осы бұйрықтың жүзеге асырылуы бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы энергетика вице-министрі Т.Ахсамбиевке жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2014 жылғы 21 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін, осы бұйрықпен бекітілген Ереженің 14-тармағының 7), 8), 16) және 17)-тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

В.Школьник

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
2014 жылғы 20 қазандығы
№ 62 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрлігінің м.а. 25.07.2016 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) экологиялық реттеу және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, тиісті ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитеттің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілдептік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрығымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасы Энергетика министрімен келісе отырып, Министрліктің Жаупты хатшысымен бекітіледі.

8. Комитеттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, "Есіл" ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, ғимарат № 8.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.10.2017 № 668-ж (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Комитеттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – Республиканское государственное учреждение "Комитет экологического регулирования и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

12. Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттемелерді орындау мәні бойынша Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер Комитетке табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы ұсынылса, онда ондай қызметтен алынған табыс республикалық бюджеттің табысына бағытталады.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Комитеттің негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

1) қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу;

2) қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік экологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін өз құзыretі шегінде жетілдіру;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы үйымдастыру және өткізу;

4) әмиссияларды үйымдастыру, үйлестіру, нормалау және экологиялық рұқсаттарды беруді жүзеге асыру;

5) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру.

14. Комитеттің негізгі функциялары:

1) өз құзыretі шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) өз құзыretі шегінде реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады және орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға қатысады;

3) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, ведомствоның құзыretіне кіретін мәселелер бойынша және министрліктердің актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыretі болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

4) құзыretі шегінде жеке және занды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

5) жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады;;

6) өз құзыretі шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

7) өз құзыretі шегінде лицензиялауды немесе рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асырады;

8) рұқсат берілетін бақылауды жүзеге асырады;

9) өз құзыretі шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі қызметті үйлестіреді және оған әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

9-1) Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылыш жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы немесе қала құрылышы жобаларының

кешенді қала құрылышы сараптамасы құрамында I санаттағы объектілер бойынша жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді;

9-2) ведомстводан тыс кешенді сараптама құрамында жобалардың экологиялық сараптамасын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

9-3) табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын келіседі;

10) құзыреті шегінде қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар береді және оларда қоршаған ортаға эмиссияға арналған лимиттерді белгілейді;

11) кешенді экологиялық рұқсаттар береді;

12) өз құзыретінің шегінде табиғат ресурстарын пайдалану саласында лицензия, рұқсат, шарттар (келісімшарттар) беруді келіседі;

13) қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған лицензияны беруді жүзеге асырады (қызметтің кіші түрлері: табиғатты пайдалануды жобалау, шаруашылық және өзге де қызметтердің I санаты үшін нормалау; шаруашылық және өзге де қызметтердің I санаты үшін экологиялық аудит);

13-1) қауіпті қалдықтарды экспорттауға және импорттауға лицензия береді;

13-2) озонды бұзатын заттардың және құрамында озонды бұзатын заттар бар өнімдердің экспорты мен импортына лицензия береді;

14) озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеуге, монтаждауға, оған қызмет көрсетуге рұқсат береді;

15) міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы шешім қабылдайды;

16) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару, мемлекеттік экологиялық сараптама, лицензиялық және экологиялық-сараптамалық қызмет, өз құзыретінің шегінде нормалау және стандарттар жүйесін, сондай-ак табиғатты ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық әдістері мен тетіктерінің жүйесін ұйымдастырады және жетілдіреді;

17) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен экологиялық ақпаратқа қолжетімдікті қамтамасыз етеді;

ең озық қолжетімді технологиялар тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;

**18) Алынып тасталды - КР Энергетика министрінің 25.09.2017 № 324 (алғашқы реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.**

19) экологиялық қауіпті технологиялар, техника мен жабдықтың тізілімін жүргізеді;

20) мыналарға мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуына;

қоршаған ортаның ластану салдарларын жою жөніндегі шаралардың жүргізілуіне;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына қарай немесе басқа да бұлдіретін процестер мен жұмыстардан босатылған жердің Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарына сәйкес оны одан әрі пайдалану үшін жарамды жай-күйге келтірілуіне;

қоршаған ортаны қорғауға қатысты лицензиялық келісімшарттың талаптардың сақталуына;

жер қойнауының ластанудан, су басудан және қоршаған орта объектілерін бұлдіруге алып келетін техногендік процестерден сақталуына;

жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығының сақталуына;

жер қойнауы участкесінің және жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервациялануына, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарының жойылуына;

жер қойнауын пайдалану және пайдалы қазбаларды қайта өндеу кезінде экологиялық нормалар мен қағидалардың сақталуына;

пайдалы қазбаларды өндіру мен өндеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі жобалық шешімдердің сақталуына;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде авариялық және өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалуына;

зиянды заттардың, радиоактивті қалдықтардың көмілуіне және сарқынды сулардың жер қойнауына ағызылуына;

су сапасы нормативтерінің сақталуына;

атмосфералық ауаны қорғаудың, оның ішінде көлік және басқа да жылжымалы құралдарды пайдалануға шығару және пайдалану кезінде техникалық регламенттердің, нормативтердің, қағидалар мен өзге де талаптардың сақталуына;

қалдықтарды қоймаға жинап қою мен жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына;

парниктік газдар шыгарындыларын жүзеге асырган кезде талаптардың сақталуына;

қоршаған ортаны ластаудың алдын алу жөніндегі экологиялық талаптар бөлігінде радиоактивті және өзге де экологиялық жағынан қауіпті заттарды

пайдалану, сақтау, тасымалдау, көму, кәдеге жарату немесе олармен өзге де жұмыстар істеу қағидаларының сақталуына;

экологиялық рұқсаттарда белгіленген табигат пайдалану талаптарының орындалуына;

өндіріс пен тұтыну қалдықтарын есепке алудың, кәдеге жаратудың және залалсыздандырудың белгіленген нормалары мен қағидаларының сақталуына;

ластаушы заттар шығарындыларының, төгінділерінің стационарлық көздері бар және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыратын объектілерге қойылатын экологиялық талаптардың сақталуына;

тазарту құрылыштары жұмысының технологиялық регламенттерінің сақталуына;

өндірістік экологиялық бақылау нормалары мен қағидаларының сақталуына;

Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасының сақталуына;

қоршаған ортаны қорғау саласында лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың біліктілік талаптары мен қағидаларының сақталуына;

мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізуіндегі міндеттілігі туралы талаптардың сақталуына және оның шарттарының орындалуына;

міндетті экологиялық аудит жүргізу және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша дұрыс ақпарат беру туралы талаптардың сақталуына;

қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау қағидаларының сақталуына;

оzonды бұзатын заттардың нақты әкелінген, әкетілген және өткізілген саны туралы деректерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну туралы талаптардың сақталуына;

өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өндеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы төлеу жөніндегі талаптарды орындауына;

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінде айқындалған талаптарды орындауына;

21) өз күзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

22) өз күзыреті шегінде су қорғау аймақтарында және бөліктерінде шаруашылық қызметінің режиміне қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

23) жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

24) әкімшілендіру субъектілері шығарған парниктік газдар шығарындыларының көлемін бақылауды жүзеге асырады;

25) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу және жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзу салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындауды;

26) құрамында кең таралған пайдалы қазбалары бар жер қойнауы участекелерін қоспағанда, конкурсқа шығаруға жататын, сондай-ақ барлау үшін оңайлатылған тәртіппен берілетін жер қойнауы участекелері тізбелерінің жобаларын келіседі;

27) мұнай өнімдерін өндіру және айналымы кезінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

28) шаруашылық және қызметтің экологиялық қауіпті өзге де түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) занды тұлғалардың міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасуы бойынша міндеттерін орындауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

29) полигондарда қалдықтарды орналастыру және полигондарды ұстаяу талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

29-1) табиғат пайдаланушы экологиялық нормалар мен талаптарды, экологиялық немесе өзге де рұқсаттарда көзделген табиғат пайдалану шарттарын бұзған, қоршаған ортаға және (немесе) халық денсаулығына аса ірі нұқсан келтірген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға арналған экологиялық және өзге де рұқсаттарды тоқтата түрү немесе олардан айыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

30) мемлекеттік экологиялық бақылау органдарының жүйесіндегі зертханалық-талдамалық бақылау қызметтерінің қызметін жетілдіреді;

31) жарғысында қоғамдық экологиялық бақылау функциялары көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасайды;

32) Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулер бағдарламаларын келіседі;

33) Қазақстан Республикасының аумағын үйымдастырудың бас схемаларын, аумақтық дамудың өніраалық схемаларын, қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздердің аумақтарын қозғайтын өзге де қала құрылышы құжаттамаларын келісуді жүзеге асырады;

34) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

34-1) апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастырады және тексеру нәтижелері туралы актіге шағымдарды қарастырады;

35) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

36) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру салаларында Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін сақтауды қамтамасыз етеді;

37) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.09.2017 № 324; 10.09.2010 № 770-ж (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Комитет өз құзыреті шегінде:

1) министрліктерден, ведомстволардан және өзге орталық және жергілікті атқарушы органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты өз құзыреті шегінде алады;

2) кеңесу органы болып табылатын Мемлекеттік экологиялық сараптама жөніндегі Сарапшылық кеңесті құру туралы ұсыныстарды енгізеді;

3) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттамаларды, талдау нәтижелерін және өзге материалдарды сұрастырады және алады;

4) Қазақстан Республикасының қоршаған табиғи ортаны және табиғат ресурстарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік бағдарламаларының және болжамдарының жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды енгізеді;

5) Министрліктің құрылымдық бөлімшелеріне нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) өз құзыреті шегінде халықаралық экологиялық ұйымдармен, шетел заңды тұлғаларымен өзара әрекеттестікті ұйымдастырады және жүзеге асырады, Қазақстан Республикасымен қабылданған келісімдер мен конвенцияларды,

экологиялық бағдарламаларды және жобаларды орындау жөніндегі мемлекетаралық ынтымақтастыққа қатысады;

7) аумақтық экология департаменттерінің қызметтерін қадағалау және үйлестіру және бақылау бойынша басшылықты жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерімен бекітілген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 10.09.2010 № 770-ж (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.

16. Комитеттің міндеттеріне мыналар кіреді:

1) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беру;

2) өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде, бұл жөнінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар ресми сұрау салған ретте қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну;

3) Комитет қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілер этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етуге;

4) Министрлік басшылығына немесе құқық қорғау органдарына белгілі болған сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізу.

5) жеке және занды тұлғалардың өтініштерін, олардағы сын ескертпелерді талдау және қорыту, жұмысты жетілдіру әрі жеке және занды тұлғалардың шағымдарын туғызатын себептерді жою мақсатында қоғамдық пікірді зерделеу.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.09.2017 № 324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.

3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

17. Комитеттің басшылығы Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Төраға жүзеге асырады.

18. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика министрі қызметке тағайындастын және босататын Төраға басқарады.

19. Комитет төрағасы Комитет төрағасының ұсынысы бойынша Министрліктің Жауапты хатшысымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарларға ие.

20. Комитетпен қабылданатын шешімдер Комитет Төрағасының бұйрығымен рәсімделеді.

21. Комитет Төрағасының өкілеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте Комитет қызметкерлерін, Төрағаның орынбасарларын қоспағанда, лауазымдарына тағайындауды және лауазымдарынан босатады;

2) заңнамада бекітілген тәртіпте Комитет қызметкерлерін, Комитеттің аумақтық органдары - экология департаменттері басшыларының орынбасарларын іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілік арттыру, көтермелесу, үстеме ақылар төлеу және сыйлық ақы беру мәселелерін, сонымен қатар тәртіптік жауапкершіліктерін шешеді;

3) сýбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша шара қолданады және ол үшін жеке жауапкершілік артады;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда өз құзыretі шегінде Комитеттің атынан түседі;

5) Министрліктің жауапты хатшысына Комитеттің және оның аумақтық органдарының құрылымы мен штаттық санын өзгерту туралы ұсыныстарды енгізеді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындауды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес оның құзыretіне жататын басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда- ҚР Энергетика министрінің 10.09.2010 № 770-ж (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

22. Төраға болмаған кезенде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

23 Комитеттің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша Комитет атынан мемлекеттік органдарға және Министрлігінің құрылымдық бөлімдерімен жіберілетін құжаттарға Комитет басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

4. Комитеттің мүлкі

24. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Комитетке бекітілген мұлік респубикалық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитет, өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иелікten шығармайды немесе оған өзгедей тәсілмен билік етпейді.

27. Комитеттің осы Ереженің қосымшасында көрсетілген тізімге сәйкес аумақтық органдары бар.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

28. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасы Энергетика
министрлігінің Экологиялық реттеу және
бақылау комитеті" респубикалық
мемлекеттік
мекемесінің ережесіне
қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы респубикалық мемлекеттік мекемелер - аумақтық органдардың тізбесі

Ескеरту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 10.09.2018 № 770-ж (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

1) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша Экология департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша Экология департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

3) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша Экология департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

4) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша Экология департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

5) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша Экология департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

- 6) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 7) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 8) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 9) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 10) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 11) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 12) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 13) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 14) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 15) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 16) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 17) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2014 жылғы 20 қазандығы

№ 62 бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің тиісті облыстағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы аумақтық органы - Экология департаменті туралы ереже

Екерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрлінің 10.09.2018 № 770-ж (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрлінің м.а. 25.07.2016 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып Экология департаменті (бұдан әрі - Департамент) табылады, ол экологиялық реттеу және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Комитеттің бұйрықтарына, сонымен қатар осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, тиісті үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан және егер уәкілеттік берілсе, Комитеттің атынан түседі.

5. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар түріндегі актілер шығарады.

6. Аумақтық органның құрылымы мен штаттық саны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жауапты хатшысымен Қазақстан Республикасы Энергетика министрімен келісе отырып бекітіледі.

7. Аумақтық органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің _____
бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - Республиканское государственное учреждение "Департамент экологии по _____ Комитета экологического регулирования и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан".

8. Департаменттің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,

9. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

10. Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

11. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуіне жол берілмейді.

2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары және міндеттері

12. Департаменттің негізгі міндеттері болып келесілер табылады:

1) қоршаган орта сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолайлы деңгейіне жету;

2) қоршаган ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды, шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында экологиялық талаптар нормативтерінің сақталуын өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету;

3) табиғат пайдаланушылардың өндірістік экологиялық бақылау жүргізуін үйлестіруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;

4) өз құзыреті шегінде экологиялық ақпараттарды жинау және таратуды ұйымдастыру және қоршаган ортаны қорғау саласындағы ағарту жүйесін дамыту;

5) өз құзыреті шегінде қоршаган ортаны қорғау салаларындағы қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттесу және ынтымақтастық орнату;

6) өз құзыреті шегінде аумақтық деңгейде мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыруды, заңнамада белгіленген тәртіpte экологиялық рұқсаттарды беру.

13. Департамент келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) өз құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады және орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға қатысады;

3) құзыреті шегінде жеке және занды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

4) жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде рұқсат берілетін бақылауды жүзеге асырады;

6) қоғамдық тындалымдарға қатысады;

7) өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді;

7-1) Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылыш жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы немесе қала құрылышы жобаларының кешенді қала құрылышы сараптамасы құрамында I санаттағы объектілер бойынша жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді;

7-2) ведомстводан тыс кешенді сараптама құрамында жобалардың экологиялық сараптамасын жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

7-3) табигат қорғау іс-шараларының жоспарларын келіседі;

8) құзыреті шегінде қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар береді және оларда қоршаған ортаға эмиссияға арналған лимиттерді белгілейді;

9) өз құзыреті шегінде табигат ресурстарын пайдалану саласында лицензиялар, рұқсаттар, шарттар (келісімшарттар) беруді келіседі;

10) міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы ұсыныс жасайды;

11) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару, мемлекеттік экологиялық сараптама, лицензиялық және экологиялық-сараптамалық қызмет, өз құзыретінің шегінде нормалау және стандарттар жүйесін, сондай-ақ табиғатты ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық әдістері мен тетіктерінің жүйесін ұйымдастырады және жетілдіреді;

12) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен экологиялық ақпаратқа қолжетімдікті қамтамасыз етеді;

**13) Алынyp тасталды - ҚР Энергетика министрінің 25.09.2017 № 324
(алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.**

14) мыналарға мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуына;

қоршаған ортаның ластану салдарларын жою жөніндегі шаралардың жүргізілуіне;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына қарай немесе басқа да бұлдіретін процестер мен жұмыстардан босатылған жердің Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарына сәйкес оны одан әрі пайдалану үшін жарамды жай-күйге келтірілуіне;

қоршаған ортаны қорғауға қатысты лицензиялық келісімшарттық талаптардың сақталуына;

жер қойнауының ластанудан, су басудан және қоршаған орта объектілерін бұлдіруге алып келетін техногендік процестерден сақталуына;

жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығының сақталуына;

жер қойнауы участкесінің және жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервациялануына, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарының жойылуына;

жер қойнауын пайдалану және пайдалы қазбаларды қайта өндіру кезінде экологиялық нормалар мен қағидалардың сақталуына;

пайдалы қазбаларды өндіру мен өндіру кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі жобалық шешімдердің сақталуына;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде авариялық және өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу жөніндегі ішараclarдың орындалуына;

зиянды заттардың, радиоактивті қалдықтардың көмілуіне және сарқынды сулардың жер қойнауына ағызылуына;

су сапасы нормативтерінің сақталуына;

атмосфералық ауаны қорғаудың, оның ішінде көлік және басқа да жылжымалы құралдарды пайдалануға шығару және пайдалану кезінде техникалық регламенттердің, нормативтердің, қағидалар мен өзге де талаптардың сақталуына;

қалдықтарды жинап қою мен жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына;

парниктік газдар шығарындыларын жүзеге асырған кезде талаптардың сақталуына;

қоршаған ортаны ластаудың алдын алу жөніндегі экологиялық талаптар бөлігінде радиоактивті және өзге де экологиялық жағынан қауіпті заттарды пайдалану, сақтау, тасымалдау, көму, кәдеге жарату немесе олармен өзге де жұмыстар істеу қағидаларының сақталуына;

экологиялық рұқсаттарда белгіленген табиғат пайдалану талаптарының орындалуына;

өндіріс пен тұтыну қалдықтарын есепке алуғаң, кәдеге жаратудың және залалсыздандырудың белгіленген нормалары мен қағидаларының сақталуына;

ластаушы заттар шығарындыларының, төгінділерінің стационарлық көздері бар және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыратын объектілерге қойылатын экологиялық талаптардың сақталуына;

тазарту құрылыштары жұмысының технологиялық регламенттерінің сақталуына;

өндірістік экологиялық бақылау нормалары мен қағидаларының сақталуына;

Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасының сақталуына;

қоршаған ортаны қорғау саласында лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың біліктілік талаптары мен қағидаларының сақталуына;

мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізуіндің міндеттілігі туралы талаптардың сақталуына және оның шарттарының орындалуына;

міндетті экологиялық аудит жүргізу және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша дұрыс ақпарат беру туралы талаптардың сақталуына;

қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау қағидаларының сақталуына;

оゾонды бұзатын заттардың нақты әкелінген, әкетілген және өткізілген саны туралы деректерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну туралы талаптардың сақталуына;

өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өндеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы төлеу жөніндегі талаптарды орындауына;

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінде айқындалған талаптарды орындауына;

15) өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) өз құзыреті шегінде су қорғау аймақтарында және бөліктерінде шаруашылық қызметінің режиміне қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) жер қойнауының қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) әкімшілендіру субъектілері шығарған парниктік газдар шығарындыларының көлемін бақылауды жүзеге асырады;

19) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу және жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзу салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындайды;

20) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар жер қойнауы участекерін қоспағанда, конкурсқа шығаруға жататын, сондай-ақ барлау үшін оңайлатылған тәртіппен берілетін жер қойнауы участекері тізбелерінің жобаларын келіседі;

21) шаруашылық және қызметтің экологиялық қауіпті өзге де түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) занды тұлғалардың міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасуы бойынша міндеттерін орындауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

22) полигондарда қалдықтарды орналастыру және полигондарды ұстая талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

22-1) табиғат пайдаланушы экологиялық нормалар мен талаптарды, экологиялық немесе өзге де рұқсаттарда көзделген табиғат пайдалану шарттарын бұзған, қоршаған ортаға және (немесе) халық денсаулығына аса ірі нұқсан келтірген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға арналған экологиялық және өзге де рұқсаттарды тоқтата түру немесе олардан айыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

23) мемлекеттік экологиялық бақылау органдарының жүйесіндегі зертханалық-талдамалық бақылау қызметтерінің қызметін жетілдіреді;

24) жарғысында қоғамдық экологиялық бақылау функциялары көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасайды;

25) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемаларын, аумақтық дамудың өніраралық схемаларын, қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздердің аумақтарын қозғайтын өзге де қала құрылышы құжаттамаларын келісуді жүзеге асырады;

26) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

27) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

28) Қазақстан Республикасының зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.09.2017 № 324; 10.09.2018 № 770-ж (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Департамент өз құзыretі шегінде:

1) министрліктерден, ведомстволардан және өзге орталық және жергілікті атқарушы органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты өз құзыretі шегінде алады;

2) кеңесу органы болып табылатын Мемлекеттік экологиялық сараптама жөніндегі Сарапшылық кеңесті құру туралы ережені бекітеді;

3) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттамаларды, талдау нәтижелерін және өзге материалдарды сұрастырады және алады;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерімен бекітілген өзге құқықтарды жүзеге асырады.

15. Департаменттің міндеттеріне мыналар кіреді:

1) Департаменттің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беру;

2) өз құзыretі шегінде және заңнама шенберінде, бұл жөнінде Министрлік құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар ресми сұрау салған ретте қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну;

3) Департамент қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілер этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз ету;

4) Комитет басшылығына немесе құқық қорғау органдарына белгілі болған сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізу;

5) жеке және занды тұлғалардың өтініштерін, олардағы сын ескертпелерді талдау және қорыту, жұмысты жетілдіру әрі жеке және занды тұлғалардың шағымдарын туғызатын себептерді жою мақсатында қоғамдық пікірді зерделеу.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.09.2017 № 324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Департаменттің мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлері, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес мемлекеттік экологиялық инспектордың құқықтарын иеленеді.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

17. Департаментті Қазақстан Республикасының Энергетика министрімен келісе отырып, Төрағаның ұсынысы бойынша Министрлікің Жауапты

хатшысымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын Басшы басқарады.

Департамент Басшысы болмаған жағдайда оның міндетін орындау орынбасарға немесе Комитеттің және/немесе оның аумақтық бөлімшелерінің кез-келген қызметкеріне Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаупты хатшысының бұйрығына сәйкес жүктеледі.

18. Департаменттің Басшысына демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеге, үстеме ақылар төлеу және сыйлық ақы беру мәселелері Комитет Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Жаупты хатшысының бұйрығымен рәсімделеді.

19. Басшының, Комитет Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Жаупты хатшысымен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары бар.

Тиісті облыстардың/Астана және Алматы қалаларының Бас мемлекеттік экологиялық инспекторлары Департамент Басшысының орынбарлары болып табылады.

20. Департамент Басшысы Департаменттің қызметін ұйымдастырады және басшылық етеді және Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және өзінің функцияларын жүзеге асыруға жеке жаупкершілік артады.

21. Департамент Басшысы осы мақсаттарда:

1) өзінің орынбасарының және Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттерін анықтайды;

2) Департамент қызметкерлерін лауазымға тағайындейді және лауазымнан босатады;

3) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлерін тәртіптік жазаға тартады және мадақтау шараларын қолданады;

4) Департаментте сыйайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша шара қолданады;

5) Заңнамада белгіленген тәртіппен өзге де мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Департаменттің мүддесін ұсынады;

6) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен экологиялық сарапшылық комиссияларын, топтарын құрады, жұмысқа қатысуға отандық және шетелдік мамандарды тартады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары мен міндеттері бар;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

8) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды.

4. Департаменттің мүлкі

22. Департамент жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие. Департаменттің мүлкі оған мемлекет, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі атынан берілген мүліктің, сондай-ақ олардың құны департаменттің тенгерімінде көрсетілетін негізгі қор және айналым қаражаттарынан, сондай-ақ өзге мүліктің есебінен қалыптасады.

23. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иелікten шығармайды немесе оған өзгедей тәсілмен билік етпейді.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

25. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.